

Т І Л Б І Л І М І

ҚАЗАҚ ТІЛІ ДЫБЫСТАРЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЖІКТЕЛІМІ

Ә.Жүнісбек,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Сөйлеу мүшелері физиологиялық тұрғыдан алғанда адамзат баласының бәріне бірдей ортақ, яғни «С анатомио-физиологической точки зрения принципиальной разницы в строении и функционировании произносительных органов у представителей разных рас или национальностей нет» [1, 80], алайда сол бәріне ортақ сөйлеу мүшелерін ұлт тілінде найдаланудың жолдары әртүрлі болады. Бір сөйлеу мүшесі бір тілде белсенді болса, екінші тілде қалыс қалып отырады. Тіптен, белгілі бір сөйлеу мүшесінің қызметі әр тілде әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан да фонетика ғылымының басты міндеті ең алдымен сөйлеу мүшелерінің белгілі бір тілге тән жасалым негізін (артикуляциялық базасын) анықтап алу болып табылады. Тілдің жасалым негізі жалпы фонетика (общая фонетика) тұрғысынан «Артикуляционная база – это совокупность привычных для данного языка движений и положений произносительных органов» [1, 80] деп анықталады. Ал қазақ тілінің жасалым негізіне «Қазақ тілі дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының жиынтығы» [2] деген анықтама берілген. Ендеше қазақ тілі дыбыстарының жасалымына қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамын дәл анықтап, оның жүйесін (айырым белгілерін) дұрыс сипаттап шығу үшін ең алдымен қазақ тілінің жасалым негізін анықтап алу керек болады. Олай болмаған жағдайда қазақ тілінің дыбыс құрамы дәл анықталмайды, дыбыс жүйесі дұрыс сипатталмайды. Өкінішке орай, ондай жаңсақтықтар қазіргі қазақ фонетикасында баршылық. Жаңсақтықтардан арылудың жолы тек қазақ тілінің жасалым негізіне сүйенгенде ғана табылады.

Тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай, яғни тіл ортасы немесе ілгерінді қалпын, тіл арты немесе кейінді және тік қалпын, яғни ашық немесе төменді, қысаң немесе жоғарылы қалпын көрсетеді.

Дауыс желбезегінің бейтарап немесе *тербеліссіз* қалпы қатаң дауыссыздарға тән. Дауыс желбезегінің жартылай тербелісі немесе *тербеліңкі* қалпы ұяң дауыссыздарға тән. Дауыс желбезегінің мол тербелісі немесе *тербелімді* қалпы үнді дауыссыздарға тән. Дауыс

желбезгінің толық тербелісі немесе *тербелмелі* қалпы дауыстыларға тән. Сонда дауыс желбезегінің қатысына қарай қазақ тілі дыбыстарының жасалым жіктелімі тербеліссіз (қатан), тербелінкі (ұян), тербелімді (үнді) және тербелмелі (дауысты) болып шығады. Дауыс желбезегінің тербеліс күшіне (еніне) қарай қазақ тілі дыбыстарының жіктелім сатысы *тербеліссіз > тербелінкі > тербелімді > тербелмелі* болып шығады. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың құрамы мен жүйесін айқындайтын бірден бір жасалым белгі дауыс желбезегінің қатысы екенін көреміз.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысы екі түрлі болады. Егер дыбыстардың үндесім (сингармонизм) түрленімін ескеретін болсақ, онда езулік [а, ә, ы, і, е] және еріндік [ұ, ү, о, ө] деп екіге жіктей саламыз, ал егер дыбыстардың үйлесім (ассимилятив) түрленімін ескеретін болсақ, онда езуліктік өзін *ашық езулік* [а, ә], *қысаң езулік* [ы, і] және *емеурін езулік* [е] деп үшке, еріндіктің өзін *доғал еріндік* [ұ, ү] және *сүйір еріндік* [о, ө] деп екіге жіктейміз. Сонда қазақ тілі дыбыстарының жасалымына ерін қатысының өзі бес түрлі болады. Мұның өзі қазақ тілі дыбыстарының жасалымында ерін қатысының маңызы үлкен екенін көрсетеді.

Қазақ тілі дыбыстарының жасалу орны *ерін, тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты* және *тілшік* болып табылады. Оның ішінде *тіл ортасы* [ә, і, ү, е, ө] мен *тіл арты* [а, ы, ұ, о] дауысты дыбыстарға қатысты болса, *ерін* [п, б, м, у(w)], *тіл ұшы* [т, д, н, с, з, р, ш, ж, л], *тіл ортасы* [к, г, й, ң] және *тілшік* [қ, ғ, й, ң] дауыссыз дыбыстарға қатысты.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамындағы у таңбасымен белгіленіп жүрген *ерін-ерінді, жуысыңқы, тербелімді (үнді)* дауыссыз дыбысын орыс тілінің у дауысты дыбысымен шатастыру жиі кездесіп жүргендіктен, оның халықаралық таңбасын жақша ішіне алып, арнайы көрсетіп отырмыз.

Сөйлеу мүшелерінің қазақ тілі дыбыстарының жасалу тәсіліне қатысы да күрделі болып шықты. Тілдің арқалығы (үсті) мен таңдайдың ара қашықтығына қарай *ашық* [а, ә] және *қысаң* [ы, і, ұ, ү] болып жіктеледі. Сонда дауыстылардың ашық/қысаң белгісін дыбыстардың жасалу тәсіліне жатқызып отырмыз. Сөйлеу мүшелерінің екеу ара қалпына қарай *жуысыңқы* [ш, ж, с, з, л, р, й, ғ(г) у(w)] және *тоғысыңқы* [п, б, м, т, д, н, қ(к), ң] болып жіктеледі. Жуысыңқының өзі *жайылыңқы* [ш, ж, ғ, й], *жиылыңқы (жсинақы)* [с, з, й, г, у(w)], *жанама* [л] және *діріл* [р] *жуысыңқы* болып тағы төртке бөлінеді. Тоғысыңқы сол бір қалпында қалады.

Кейбір қазақ тілі дыбыстарының үндесім және үйлесім сыңарларының (варианттарының) жасалу орны бір бірінен алшақ жатады. Сондықтан да олар жоғарыда бірде бір топтың құрамында көрінсе, енді бірде екінші бір топтың құрамында кездеседі. Мысалы, *ақ, аға, аң, ай* сөздерінің құрамындағы *қ, ғ, ң, й* дауыссыздары тілшік арқылы айтылса, *әк, еге, ең, әй* сөздерінің құрамындағы *к, г, ң, й* дауыссыздары тіл ортасы арқылы

айтылады. Сондай-ақ *ғылым*, *гүл* сөздерінің құрамындағы *г*, *г* дауыссыздары тоғысыңқы, *жоқ*, *және* сөздерінің құрамындағы *ж* [дж] жабысыңқы (аффрикат) болып айтылса, *аға*, *еге* сөздерінің құрамындағы *з*, *з* дауыссыздары мен *ажса*, *әйсе* сөздерінің құрамындағы *ж* дауыссызы жабысыңқы болып айтылады.

Дауыссыздардың кестесінде *к*, *г*, *ң*, *й* жінішке үндесім дауыссыздар, *з*, *ж*, жуысыңқы үйлесім дауыссыздар және *ж* жабысыңқы дауыссызы жақшаға алынып берілді. Сонда жақшадан тыс тұрған дауыссыздардың саны 17 дыбыс болып шығады. Үндесім фонологиясы бойынша қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс бар деген қорытынды осыдан туындайды.

Қазақ тілі дауысты дыбыстарының негізгі жіктелімі 1 кестеде берілген. Қазақ тілінде тіл алды дауыстылар жоқ, сондықтан ол көрсеткіш кестеге ендірілмеді. Қазақ тілі дауыссыз дыбыстарының негізгі жіктелімі 2 кестеде берілген. Қазақ тілінде тіл алды және тіл арты дауыссыздар жоқ, сондықтан ол көрсеткіштер де кестеге ендірілмеді. Дауыссыз дыбыстардың жасалымы ерекше сыңарлары жақша ішіне алынып берілді. Және де мақала көпшілік мамандарға арналғандықтан, қажет болған жерінде, дәстүрлі фонетиканың атауын қоса беріп отырмыз.

Қазақ фонетикасында *жасалым* (артикуляция), *айтылым* (акустика) және *естілім* (перцепция) фонетикаларының атаулары, сондай-ақ *үндесім* (сингармонизм) мен *үйлесім* (ассимилятив) фонетикаларының атаулары өзара араластырылып, жүйесіз қолданылып жүр. Мысалы, «а – ашық, жуан, езулік дауысты дыбыс» деген жасалым анықтаманың құрамында жасалым атау (ашық) мен үндесім атау (жуан, езулік) араласып жүр. Дұрысы, егер біз дыбыстың жасалым анықтамасын беретін болсақ, онда «ашық, тіл арты, езу» болып жасалым атауларды біркелкі пайдалану керек. Ал «жуан, езулік» атауы дыбыстың үндесім сипаттамасын бергенде оның жуан, езулік әуезбен айтылатынын көрсету үшін керек болады. Өйткені қазақ тілінде «жуан, езулік әуез бар» бар, ал «жуан, езулік жасалым (артикуляция)» жоқ. Тағы бір мысал: «т – тіл ұшы, қатаң, шұғыл дауыссыз дыбыс» деген жасалым анықтаманың құрамында да жасалым атау (тіл ұшы) мен енді естілім атау (қатаң) араласып жүр. Ал «шұғыл» атауы жасалымға да, естілімге де кірікпей тұр. Сонда дыбыстың жасалым анықтамасы «тіл ұшы, тербеліссіз, тоғысыңқы» болып берілгені жөн. Ал «қатаң» атауы дыбыстың естілім сипаттамасын бергенде қажет болады, өйткені дыбыс құлаққа қатаң болып естіледі. «Тоғысыңқы» атауы дыбыс жасалым тұрғысынан сөйлеу мүшелерінің (тіл ұшы мен тістің) өзара тоғысуы арқылы жасалатынын көрсетеді.

1 кесте. Дауысты дыбыстардың жасалым жіктелімі

ҚҰРАМЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ	тіл ортасы		тіл арты	
	ЕРІН ҚАТЫСЫ	езу(лік)	ерін(лік)	езу(лік)	ерін(лік)
жалаң	қысаң	І	Ү	Ы	Ү
	ашық	Ә		А	
қ ұ р а н д ы		Е	Ө		О

2 кесте. Тірк дауыссыз дыбыстардың жасалым жіктелімі

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		ДАУЫС желбезегінің ҚАТЫСЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
ТОҒЫСЫҢҚЫ		тербеліссіз	П	Т	(К)	Қ
		тербеліңкі	Б	Д	(Г)	Ғ
		тербелімді	М	Н	(Ң)	Ң
ЖУЫСЫҢҚЫ	жайылыңқы	тербеліссіз		Ш		
		тербеліңкі		Ж		(Ғ)
		тербелімді			(Й)	Й
	жинақы	тербеліссіз		С		
		тербеліңкі		З	(Г)	
	діріл	тербелімді	У(w)			
жанама			Р			
жабысыңқы		тербеліңкі		Л		
				(Ж)		

Қазіргі қазақ фонетикасында қалыптаса бастаған жаңа ұғымдар мен олардың атаулар үлгісінен мысал келтіре кетейік.

Жалпы атаулар:

- түрленім – модификация

үндесім түрленім - сингармоническая модификация

үйлесім түрленім – ассимилятивная модификация

шеп түрленім – позиционная модификация

әуен түрленім – интонационная модификация

тарихи түрленім – историческая модификация

- еркін түрленім - спонтанная модификация
- үндесім - созвучие
 - әуез үндесім – тембральное созвучие
 - ерін үндесім – лабиальное (губное) созвучие
 - езу үндесім – палатальное (негубное) созвучие
 - жуап үндесім – твердое созвучие
 - жіңішке үндесім – мягкое созвучие
- жасалым - артикуляция
 - жасалым фонетика – артикуляционная фонетика
 - жасалым белгі – артикуляционный признак
- айтылым - акустика
 - айтылым фонетика – акустическая фонетика
 - айтылым белгі – акустический признак
- естілім – перцепция
 - естілім фонетика – перцептивная фонетика
 - естілім белгі – перцептивный признак
- белгі – признак
 - айырым белгі – дифференциальный признак
 - ортақ белгі – общий признак

Жасалым (артикуляциялық) атаулар:

- жасалым - артикуляция
- тоғысым - смычка
 - қатаң тоғысым - глухая смычка
 - ұяң тоғысым - звонкая смычка
 - үнді тоғысым - сонорная смычка
 - нық тоғысым – напряженная смычка
 - босаң тоғысым – полунпряженная смычка
 - бос тоғысым - ненапряженная смычка
- тоғысыңқы - смычный
 - қатаң тоғысыңқы – глухой смычный
 - ұяң тоғысыңқы – звонкий смычный
 - үнді тоғысыңқы – сонорный смычный
 - нық тоғысыңқы – напряженный смычный
 - босаң тоғысыңқы – полунпряженный смычный
 - бос тоғысыңқы - ненапряженный смычный
- жуысым - щелинность
 - қатаң жуысым – глухая щелинность
 - ұяң жуысым - звонкая щелинность
 - үнді жуысым – сонорная щелинность
 - нық жуысым – напряженная щелинность
 - босаң жуысым – полунпряженная щелинность
 - бос жуысым - ненапряженная щелинность

еркін түрленім - спонтанная модификация

- үндесім - созвучие

әуез үндесім – тембральное созвучие

ерін үндесім – лабиальное (губное) созвучие

езу үндесім – палатальное (негубное) созвучие

жуан үндесім – твердое созвучие

жіңішке үндесім – мягкое созвучие

- жасалым - артикуляция

жасалым фонетика – артикуляционная фонетика

жасалым белгі – артикуляционный признак

- айтылым - акустика

айтылым фонетика – акустическая фонетика

айтылым белгі – акустический признак

- естілім – перцепция

естілім фонетика – перцептивная фонетика

естілім белгі – перцептивный признак

- белгі – признак

айырым белгі – дифференциальный признак

ортақ белгі – общий признак

Жасалым (артикуляциялық) атаулар:

- жасалым - артикуляция

- тоғысым - смычка

қатаң тоғысым - глухая смычка

ұяң тоғысым - звонкая смычка

үнді тоғысым - сонорная смычка

нық тоғысым – напряженная смычка

босаң тоғысым – полунпряженная смычка

бос тоғысым - ненапряженная смычка

- тоғысыңқы - смычный

қатаң тоғысыңқы – глухой смычный

ұяң тоғысыңқы – звонкий смычный

үнді тоғысыңқы – сонорный смычный

нық тоғысыңқы – напряженный смычный

босаң тоғысыңқы – полунпряженный смычный

бос тоғысыңқы - ненапряженный смычный

- жуысым - щелинность

қатаң жуысым – глухая щелинность

ұяң жуысым - звонкая щелинность

үнді жуысым – сонорная щелинность

нық жуысым – напряженная щелинность

босаң жуысым – полунпряженная щелинность

бос жуысым - ненапряженная щелинность

- жуысыңқы - щелинный
 - катаң жуысыңқы - глухой щелинный
 - ұяң жуысыңқы - звонкий щелинный
 - үнді жуысыңқы - сонорный щелинный
 - нық жуысыңқы – напряженный щелинный
 - босаң жуысыңқы – полунапряженный щелинный
 - бос жуысыңқы - ненапряженный щелинный

- ерін - губной
 - ерін дауысты – губной гласный
 - ерін дауыссыз – губной согласный
- ілгерінді – продвинутый
 - ілгерінді дауыссыз - продвинутый согласный
- кейінді – отодвинутый
 - кейінді дауыссыз - отодвинутый согласный

Айтылым (акустикалық) атаулар:

- леп - придыхание
- лепті - придыхательный
 - лепті дауыссыз – придыхательный согласный
 - лепті серпін – придыхательный взрыв
- қарқын - интенсивность
- созылымдылық - длительность
- әуен – интонация
 - хабарлы әуен - повествовательная интонация
 - сұраулы әуен - вопросительная интонация
 - бұйрықты әуен - повелительная интонация
 - лепті әуен – восклицательная интонация
- жиілік - частота
 - жоғары жиілік - высокие частоты
 - төмен жиілік - низкие частоты
 - жоғарғы жиілік - верхние частоты
 - төменгі жиілік - нижние частоты
- тербеліс - колебание
- тербелім - период
- толқын таңба - осциллограмма
- әуен таңба - интонограмма
- бедер таңба - спектрограмма
- сызық - линия
 - желі сызық – нулевая линия

Естілім (перцепциялық) атаулар:

- катаң - глухой
 - катаң дауыссыз – глухой согласный
- ұяң – звонкий

- уян дауыссыз – звонкий согласный
- үнді - сонорный
 - үнді дауыссыз – сонорный согласный
- жуан - твердый
 - жуан дыбыс – твердый звук
 - жуан естілім – твердое восприятие
- жіңішке - мягкий
 - жіңішке дыбыс – мягкий звук
 - жіңішке естілім – мягкое восприятие

Үндесім (сингармониялық) атаулар:

- әуез - тембр
- жуан - твердый (низкий)
 - жуан әуез – твердый тембр
 - жуан дауысты – твердый гласный
 - жуан дауыссыз – твердый согласный
 - жуан сөз - твердое слово
 - жуан буын - твердый слог
- жіңішке - мягкий (высокий)
 - жіңішке әуез - мягкий тембр
 - жіңішке дауысты – мягкий гласный
 - жіңішке дауыссыз – мягкий согласный
 - жіңішке сөз - мягкое слово
 - жіңішке буын - мягкий слог
- езулік - неогубленный
 - езулік әуез - неогубленный тембр
 - езулік дауысты – неогубленный гласный
 - езулік дауыссыз – неогубленный согласный
 - езулік сөз - неогубленное слово
 - езулік буын - неогубленный слог
- еріндік – огубленный
 - еріндік әуез - огубленный тембр
 - еріндік дауысты – огубленный гласный
 - еріндік дауыссыз – огубленный согласный
 - еріндік сөз - огубленное слово
 - еріндік буын - огубленный слог

Үйлесім (ассимилятив) атаулар:

- үйлесім – коартикуляция, ассимиляция
 - іргелес үйлесім – контактная коартикуляция
 - шеп үйлесім – позиционная коартикуляция
 - тәсіл үйлесім - коартикуляция по способу образования
 - тоғысыңқы үйлесім – коартикуляция по смычности

жуысынқы үйлесім – коартикуляция по щелинности
дауыс үйлесім – коартикуляция по участию голоса
қатаң үйлесім – коартикуляция по глухости
ұяң үйлесім – коартикуляция по звонкости
орын үйлесім – коартикуляция по месту образования
ерін үйлесім – губная коартикуляция
тіл ұшы үйлесім – альвеолярная коартикуляция
тіл ортасы үйлесім – средняяязычная коартикуляция
тілшік үйлесім – увулярная коартикуляция

Қорыта келгенде, жасалым (артикуляциялық), айтылым (акустикалық) және естілім (перцепциялық) фонетиканың, оның сыртында үндесім (сингармониялық) және үйлесім (ассимилятив) фонетиканың әрқайсысының өзіне тән ұғымдары мен атаулары бар. Қазақ тілінің дыбыстары қай тұрғыдан сипатталып отырған болса, ұғым-атаулар да сол тұрғыдан зерттелім амалы болу керек.

Әдебиеттер:

1. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. М., 1979.
2. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.

Резюме

В статье описаны новейшие результаты артикуляционной классификации звуков в казахском языке, и предложена новая система фонетических терминов.

Özet

Bu makalede Kazakça seslerin yeni artikülasyon sınıflandırmalarının neticeleri tasvir edilmiş ve fonetik terimlerinin yeni dizgesi ek olarak sunulmaktadır

Resume

This article deals with the speech class: cation sounds in kazakh language, and offered new system of phonetic terms.

*Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп
түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.*

Жүсіпбек Аймауытов